

ЖАРКЕНТ

№22 (42),
14 желтоқсан,
дүйсенбі, 2020 жыл,
jar-aina@mail.ru



Айнасы

Қоғамдық-саяси, ақпараттық-экономикалық, тарихи-танымдық газет

ҒАДІЛЕТ ЖОЛЫНДАҒЫ ҚАСІРЕТ



1986 жылғы желтоқсан оқиғалары жөніндегі оқырмандардың назарына ұсынылып отырған бұл деректі хикаят сексенінші жылдардың аяғында қолжазба түрінде болған еді. Сол кезде тың көзбен айқын көрілген, бірақ, баспасөз бетінде жарияланбаған және жыл өткен сайын көмескіленіп, ұмытыла бастаған оқиғаларды оқырмандарға неғұрлым алғашқы күйінде жеткізу, оң немесе теріс әрекеттерге қатысы болған лауазым адамдарының кім екенін көрсету, сөйтіп, еліміздің тарихында бұл оқиға жөнінде шындықты қалтыруға тырысу – менің мақсатым. Ащы шындықты сол күйінде бүркемелемей айту кейбіреулерге ұнамауы да мүмкін. Бірақ, көңілге қарап, ақиқаттан ауытқу тарихты бұрмалаумен бірдей болар еді.

Алматыдағы және республиканың бірқатар қалаларындағы 1986 жылғы желтоқсан оқиғасы – жиырмасыншы ғасырдың ішіндегі ерекше есте қалатын кезең. Ол жарқ етіп өте шықса да, қазақ ұлты тарихында бүтіндей бір құбылыс болып қалды. Атақты Желтоқсандықтармен замандас болғанымыз мен өз өмірімнің ең жарқын сәті деп санаймын.

Сол жылы мен «Қазақстан» кітап баспасында редактор едім. Дербес зейнеткерлікке шыққан кезім болатын. Орталық алаңдағы кітап дүкенінде жиі болып тұрдым. 17 желтоқсан күні танертеңгі сағат тоғыздың кезінде «Жалын» дүкеніне келгенімде, алаңда топ-топ болып жүрген көптеген жастарды көрдім. Олар орталық трибуна алдынан салтанатпен өтіп жатты. Қолдарында Лениннің портреті, 5-6 плакат, ұрандар бар. Мен журналистік әдетпен олардың мазмұнын білгім келіп, әдейі барлығын көріп, оқып шығуға тырыстым. Ұрандарда былай деп жазылған: «Әрбір халықтың өз көсемі болсын», «Біз күшпен емес, өз еркімізбен қосылғымыз келеді», «Ешбір ұлтқа артықшылық берілмесін», «Қазақстан жасасын», «Бірінші хатшы орыс емес, қазақ болсын».

Сағат онның кезінде кітап дүкенінен шықсам, алаңда су шәшіп жүрген екі-үш машинаны көрдім. Суық су шәшіп

желтоқсанның аязында жастарды малшындырып жатқанын көргенде, бұл жәй «мерекесі» емес, қайдағы бір сұрқия уақиға екенін сездім. Сол минутта менің қасымада Жабайхан Абдильдин де тұрды. Ол алаңдағы көрініске үрейленіп, тынышсызданып, суға малшыған балаларды аяп, не нәрсе екенін тез білгісі келуге асыққандай, жедел басып кетіп қалды. Мен сол алаңға қарап тұра беріппін. Осы кезден бастап, оқиғаның ізіне түсіп, бақылауға кірістім.

Өрт сөндіретін машиналардың оқпандарынан атылған судан қашқан жастар бәрібір, тарап кетпей, алаңның Фурманов көшесі жағына жиналды. Содан Абай даңғылының бойымен жүріп, Ленин даңғылымен төмен түсіп, Совет көшесіне дейін барып, Абай атындағы пединституттың алдына барып тоқтады. Осы институттың студенттері қосылды. ҚазПИ-дың ректоры шығып, бұдан әрі қарай ешқайда бармауға, үйді-үйлеріне тарауға шақырды. Бірақ, студенттер ешкімді тыңдайтындай жағдайда емес еді.

Осыдан кейін колоннаның қатары көбейіп, Совет көшесінен К.Маркс көшесіне дейін барып, одан төмен түсіп, Горький көшесінің бойымен Сейфуллин даңғылына келіп, Гоголь көшесінің бойымен жүріп отырып, Алматының Қыздар педагогикалық институтының жатақханасының алдына келіп тоқтады. Колоннаға көптеген студент қыздар қосылды.

Қыздармен амандасып-шуласып, колонна Космонавтар көшесінің бойымен көтеріліп, Сәтпаев көшесіне дейін барып, сағат екінің шамасында Брежнев атындағы орталық алаңға қайтып оралды. Танертен машинамен су шашқанда шамасы 300-дей жастар болса, енді оның саны 2000-нан асты деуге болады.

х х х

Қолға қалам алып, осы оқиға жөнінде жазуға себеп болған 1989 жылы 16 қараша күні «Известия» газетінде жарияланған «Одақтас республикалардың Жоғарғы советтерінің сессияларында» деген кішкентай хабар болды.

Онда сол Желтоқсан оқиғаларын тексеру жөнінде Алматыда құрылған арнайы комиссия атынан ССРО Халық депутаты Мұхтар Шаханов хабарлама жасағаны, оған қарсы И.Еділбаев, Б.Исаев, Ғ.Елемесов, В.Ануфриев және басқалар сөйлеп, комиссияның тұжырымдары «біржақты», «негізсіз», «зиянды» дегендері айтылған.

Әрине, әркімнің өз пікірін айтуға хақы бар. Бірақ, қайткен күнде де шындыққа жүгінугі керек. Осы тұрғыдан қарағанда жоғарыда берілген бағалардың өзі біржақты екенін жәй ғана айтып қоймай, оны дәлелдеу керек болды. «Известияда» айтылған бағаның өзі біржақты, көріне дұрыс емес екені маған бесенеден белгілі еді. Газет миллиондаған оқырмандар алдында Мұхтарға жала жауып, оның өз басы жөнінде теріс пікір таратып отырғанын сол оқиғаны басынан аяғына дейін білетін, оны тексеруге қатысқан мен айтпасам кім айтады деген қорытындыға келдім. Қолыма қалам алуыма басты себеп осы еді.

Тағы бір себеп мынандай. Біздің баспасөзіміз көпшілік жағдайда оқиғаның өңін айналдырып жататыны былай тұрсын, бүкіл халыққа жала жауып, сол күндері кара бояуды аямай құйып жатты. Желтоқсан күндері кейбір журналистер газет-журнал беттерінде қазақ жастарын қаралау үшін шығармашылық жарысқа түсіп, көптеген одағай сөздерді іске қосты. Баспасөз бетінде «ұлтшылдық» деген атышулы саяси кінәдан басқа, парақорлық, дүниеқоңыздық, маскүнемдік, жерлестік, бейбастақтық, арамтамақтық, екіжүзділік, ірікөңілділік, мылжандық, мансапқорлық, азғындық, арсыздық деген сияқты қазақ интеллигенциясының атына кір келтіру үшін айтылған маскара сөздер қаптап кетті. Мұның көбін Орталық партия комитетінде отырған А.А.Устинов пен «Каз.Правданың» редакторы Ф.Игнатов ойлап тауып, әрбір мақалаға қолданып, қазақ жастарының мойнына таңба қылып іліп отырды.

(Жалғасы 4-5-6 бетте)

Азаттық аспаны



Тәуелсіздік келген бізге осылай!

Емес еді ол ешкімнің де бас қамы,
Бұлтты еді желтоқсанның аспаны.
Өз талабын айту үшін билікке,
Шықты алаңға Қазағымның жастары!

1986-ның соңы еді,
Бұл халықтың іште шері көп еді.
Көп болса да, осы жолы жастарда,
Бір талаптан басқа талап жоқ еді.

Тұрған еді түнерумен аспан шын,
Ашынғанда жастар неден жасқансын!
Жалғыз талап қойып еді билікке:
Қазақ Елін – қазақ ғана басқарсын!

Жастар айтқан жүрек сөзі осы еді,
Тілегі еді ол, бар қазақтың кешегі.
Деді олар бұл қазақтың тағдырын,
Тізеге сап Мәскеу неге шешеді?

Намысты ұрпақ қойды осылай талапты,
Кремльді ауызына қаратты!
Өр мінезбен өлімге де бас тігіп,
Ақырында, тәуелсіздік таңы атты!

Тұрды олар биліктен де жасымай,
Тік қарады қарудан да шошымай!
Ұмытпаңдар жалын жүрек жастарым –
Тәуелсіздік келген бізге осылай!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ

ЖАЗЫЛЫМ – 2021

Құрметті «Жаркент айнасы» газетінің оқырмандары! Алдағы 2021 жылға газетке жазылу маусымы басталды. Газетімізге жазылып, ерлікке толы еліміз бен жазиралы жеріміздің, өңірімізден өткен баһадүр батырлар мен от ауызды билердің, орақ тілді ақындардың, елге билік жүргізген болыстардың, өмірі өнегеге толы өнер адамдары мен өлкемізден шыққан даңқты тұлғалардың тарихынан хабардар болыңыз. Газетімізде Сіз үшін құнды, тың мақалалар жариялауға тырысып келеміз.

Жазылу «Қазпоштаның» барлық бөлімшесінде жүргізіледі. 1 жылға жазылу бағасы 2800 теңге. Индексі – 65161.

Біз сізден қолдау күтеміз, ойлы оқырман! Ұрпағымыз өзінің шынайы тарихын біліп, ұлықты болып өссін.

ТАРИХИ СУРЕТТІҢ БЕЙМӘЛІМ КЕЙІШКЕРІ

Желтоқсанның суық ызғары ессе бірден есімізге 1986 жылы алаңға шыққан қазақ қыздарының шыңғырған ащы дауысы мен қабаған иттердің үруі, азаттық алсақ деп армандаған жастардың жан қиналысы еске түседі. Бұл ай бейне бір қазақтың басындағы ұлы қайғының аяғы мен ұлы көшін жарыққа бастайтын ызғары іспеттес. Бұл күн – тәуелсіздіктің ақ туын көтеруге талпынған жастардың ұлы талпынысы еді. Тәуелсіздікке тегеурін берген ұлттық намыс пен оның болашақ тағдыры сынаққа түскен сол күндері қаншама ару қыздарымыз бен арыстай азаматтарымыздың ғұмыры жасындай жалт етті, біразы темір торға қамалды, көбісі қудаланды. Арман қуып барған талай қаракөзге өмірде өздерін дәлелдей алмайтындай жағдай тудырды. Көзінде оты бар қаракөздердің арманы сол алаңда аяқталды да... Жаркенттік жерлестеріміз Ербол Сыпатаев пен Ләззат Асанова азаттық аспанын аңсап жан берді. Сол күндері майданның алдыңғы шебінде жүріп, көлеңкеге өмірін тұмшалап, әлі күнге үнсіз, тыныштықты таңдаған желтоқсаншыларды көріп те жүрміз. Мен сондай бір оқиғаның куәгері болдым. Сол батыр азаматтарымыздың бірі – Еділбай Әбуұлы.

2012 жылдар кезі болатын. Өлкемізде, яғни Жаркент өңірінде ашылған «Жауынгерлік Даңқ» музейінің дизайнерлік безендіру жұмыстарын суретші, дизайнер Қарабалаев Еділбай ағамыз жасайтыны белгілі болды. Таныстығымыз осы кезден басталды. Мен бұл музейде қор сақтаушы қызметін атқарушы едім. Жұмыс барысында безендіру жұмысы «Желтоқсан көтерілісі» тақырыбына жеткенде, ұзақ ойлансықа түсіп, тебіреніп, іште бір булығып, сыртқа шықпаған ұлы жаңғырықтың барлығын сездіретін күй кешкен ағамыздың бұл жайын аңғарсам да, көп мән бермеппін. Қасына жақындап, жұмысын қабырғаға іліп жатқанда Желтоқсан тарихына кішігірім тоқталып, сөз еткенімізде, «Иә, бұл күн қиын болды, сұмдық болды, мен де жас едім, мынау менмін», – деп қабырғадағы суретті мензеді. Сол мезетте мен де мән бере қоймаптым. Өйткені, өзі қалжыңбастау кісі болған соң, ол сөзін қалжың деп қабылдаған болуым керек. Содан бері арада сегіз жыл да өте шығыпты. Жылдар өткен сайын музей ішіндегі бұл бейне маған тыныштық бермеді. Бастапқыда «бұл – менмін» деп айтқан болса, мемлекеттен марапаты бар, Желтоқсан көтерілісіне қатысушы азамат болғаны ғой деп жүре беріптім. «Әлде қалжыңдады ме екен?» деп өз-өзіме сұрақ қойып қоям. Бақылап қарасам сол сурет Еділбай ағамыздың жас күнін айнытпай салып тұр. Аяғында зерттей келе, расымен де сол тарихи фотосуреттегі азамат осы кісі екеніне көзім жетті. Ол – қазіргі Түркістан облысы, Кентау қаласының тумасы. Ол кезде Еділбай Әбуұлы Алматы мемлекеттік театр және көркемсурет институтының студенті екен. Тарихи фотосуретте алаңда екі жағында алдыңғы шепте тұрған студент шақтағы жолдастары Өскемендік Ғазиз бен Талдықорғандық Тілес деген батыр азаматтарымыз екен.

Бүгінде ол Қазақстан дизайнерлері Одағының мүшесі. Өз мамандығының майталманы. 2007 жылдан бері Алматы облысындағы бірнеше музейдің көркемсуреттік безендіру және реставрация жасау жұмыстары бойынша еңбек істеген екен. Атап өтсек, Алматы облысындағы Лияс Жансүгіров, Н.Алдабергенов, Алакөл ауданындағы Қабанбай батыр музейі, Балқаш ауданы Бақанас ауылындағы Д.Қонаев атындағы музей, ақын Сара



музейлерінің қабырғаларына өз қолтаңбасын, «Жетоксан көтерілісінің» айқын көрінісін тайға таңба басқандай қалдырған.

Бүгінде үйлі болған, екі қыздың әкесі, жұбайы Бәлламен әлі де көп жоспарлар құрып, еңбегін халқының кәдесіне жаратуды мақсаттаған. Сол ызғарлы күні көптеген қазақ қыздары мен жігіттерінің қайтпас қайсар мінезі мен жеке дара қаһармандықтарына көз жеткізген.

Олардың қасында мені Құдай көп нәрседен сақтады. Ең бастысы – біз көрген күннен жарқын күн орнады, енді болашағымыз жарқын болса деп тілейміз», – деп сөзін аяқтады желтоқсаншы Еділбай Әбуұлы.

Осы күнге дейін осы тарихи сурет ерлігі мен өрлігін дәлелдесе де Еділбай Әбуұлы тәуелсіз мемлекеттен еш марапат көрмеген, тіпті сұрамаған да. Оның қасындағы алдыңғы шептегі азаматтар да қарапайым қалпын сақтап,



Көрменің ашылуында

«Қазақтың қыздары мен жігіттерінің бойында жаудың мысын басатын ерекше қасиеттер басым. Бұл қасиет қазаққа ғана тән қанмен дарыған, ұлттық тәрбиемен сусындап өскен небір ауыл жастарының бойынан табылды. Менің қасымда әлі де тыныштықты жанына пана еткен көп мықты азаматтарымыз бар, соққыны да, қудалауды да көрді, бірақ налымады.

өмір сүрулерін жалғастырып келеді екен. Уақыт өте келе, бұл суреттің тарихы тереңінен ашыла бермек. Әлі талай алаш батырларының тағдыры айқындалады, тек уақыт еншісінде...

Ж.АСҚАРБЕКҚЫЗЫ,
«Жауынгерлік Даңқ» музейінің
ғылыми қызметкері.

КЕЛЕШЕГІМІЗ КӨРКЕЙЕ БЕРСІН

Отанды сүю – ерекше бақыт, ал оның ыстығына күйіп, суығына шыдау әркімге бұйыра бермейтін дүние. Бұл – ата-бабаларымыздың асыл арманы. Біз тәуелсіздікті бабалардың нақылымен, халқымыздың парасатты ақылымен алдық. Тәуелсіздік – тарихтың толқыны, шайқалмай, уақыттың соққысын байқамай өз бетінше тұратын тұғыр ғана емес, оны қолда ұстап тұратын тек шыңдалған рух, жанкешкен жаңашыл мінез, болашақтың арайлы ақ таңы үшін күрес. Міне, мәңгілік жасайтын елдің өмірлік ұстанатын кепілі – осы. Ғасырлар тоғысар тұста тәуелсіздік таңын көру бақыты бүгінгі қазақстандықтардың пешенесіне жазылды.

Осы ұлтымыз үшін ұлы күн қарсаңында Керімғаш-Арасан ауылындағы орта мектебінде 16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік күніне орай құндылықтарды насихаттау бойынша іс-шаралар жоспары құрылып, жұмыстар жүргізілуде. Атап айтқанда сынып сағатында «Тәуелсіздіктің 7

қыры» циклы бойынша 1-11 сыныптардың білім алушылары арасында «Ұйымдасқан ұтады», «Елдіктің бастауы», «Жаңғыру жолы» тақырыптары бойынша деректі фильмдер көрсетті. Педагог ұйымдастырушы Рысқұлов Ерғалидың ұйымдастыруымен «Жас Ұлан» және «Жас қыран» қатарына қабылдау шаралары онлайн түрде қашықтықтан өткізілді.

Мектебімізде «Шежірелі жер – егеменді ел баяны» тақырыбында сынып сағаттары кең көлемде жүргізілді. 6 сыныптың сынып жетекшісі Қоғамбекова Жадыра қашықтықтан уатпап желісімен мерекелік кеш ұйымдастырып, ол шара мектеп әкімшілік тарапынан жоғары бағаланды.

Бұл күн – ата-бабамыз аңсаған арманның жүзеге асқан, елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күн. Осындай маңызы бар тарихи думанда еліміздің туы асқақтап, келешегіміз көркейе берсін.

Ұлан ЖАНҰЗАҚ,
Керімғаш-Арасан ауылы.



1986 жыл, 20 желтоқсан. Той күні

АБАЙДЫҢ МУЗЫКАЛЫҚ ӘЛЕМІ



Абай Құнанбайұлы ғұлама, ойшыл, акын, ағартушы, ұлттың жазба әдебиетінің негізін қалаушы, аудармашы, композитор ретінде ел тарихында өшпес із қалдырғаны сөзсіз. Өз бойына осыншама талантты жия білген ұлы Абайдың қазақ музыка әлемінде де өзіндік орны бар. Абай орысша сөйлеуді геолог Михаэлиспен арасындағы үлкен достықтың арқасында жетік меңгере бастады және оны бас ұстазы ретінде қабылдай білген болатын. Ол М.Ю.Лермонтов, А.Крыловтың шығармаларымен танысып, олардан көптеген үзінділер аударған. Атақты композитор А.Затаевич Абайдың қазақ әдебиетіндегі үлкен орнын бағалай келе оны музыка өнеріндегі биік белестерге жеткенін де аса жоғары бағалаған еді.

Абай – музыка саласына жаңа өлшем мен ырғақ әкелген композитор болды. Жаңа өлшеу мен жаңа формадағы өлеңдері Абайдың музыкалық шығармашылығына тікелей әсер етті. Абай әндерінің мелодиясы, ырғағы, формасы сол заманға дейінгі шыққан әндерге мүлдем ұқсас келмеген еді.

Қазақ музыкасына жаңа леппен келген Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болды. Мысалы «Сегізаяқ», «Көзімнің қарасы» сынды өлеңдерін жәй ғана сөзбен айта алмайсың. Себебі мұнда еркіндік жоқ. Міне бұл жай ғана музыка мен сөздің әуеннің кәсіпқойлық дәрежеде қосылуы мен үйлесуі болып табылады. Осының өзі үлкен жаңалық. Осылай Абай музыка шығаруға сөз арқылы келді. Ол бүкіл шығыстың, орыстың тіпті қазақтың халықтық кәсіпқойлық әдебиетін терең зерттеген, музыкада алдымен халық әндері мен күйлерін жетік меңгерген. Абай қазақтың Біржаны мен Ақанның, Жаяу Мұсаны өте жоғары бағалады.

Абай өлең шығарумен қатар халқымыздың аспапты музыкасын жетік білуі нәтижесінде қазақ музыкасының интонациясы шеңберінде терең тамырланған ортада болды. Абайдың ән шығарудағы алғашқы қадамы халықтық негізде бастау алды. Мысалы «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» атты әні арқа дәстүрінде жазылған. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын» әнін

алсақ бұл әнде халықтық ән формасы басым келеді. Әсіресе Абай әндерінде сөйлемнің ортасында бір дыбысты созып шықатын тұрмайды. Соның өзінде ол қазақ интонациясынан кетпейді. Ал сөзді бөлу – речитативті түйін қазақ музыкасында бар қасиет. Яғни, Абай ән шығаруда қазақтың бай музыка интонациясын жақсы меңгергенін байқауымызға болады.

Абай әнмен қатар қазақтың күйлері жөнінде де бағалы пікірлер айтты. «Ақылдың сөзіндей ойлы күйді, тыңдағанда көңілдің өсері бар» дейді. Қазақтың аспаптық музыка мұрасында бағдарламалы, тарихи, аңыздық күйлердің ішінде тіс жарып айтып тұрған тілі жоқ болғанымен күйді ақылдың сөзіндей «ойлы» деп, оның ішінде белгілі бір идеялық мазмұн бар екенін айтады.

Абайдың әншілерден айырмашылығы – ол қазақ әндерімен қатар орыстың халық музыкасын, қаланың демократиялық әндерін және романстарын естіп, көңіліне ой түйе білді. Ол Семейде жүргенде Глинка, Рубенштейн сияқты музыка шеберлерінің шығармашылығын естіді. Абайдың орыс достары да оған музыка жағынан білім алуына әсерін тигізе білді. Демократиялық ән – романс ол кезде Ресейде арнайы білімі барлар арасында көп тарады. Сол органның бір тобымен үнемі кездесіп жүрген Абайдың олардан сөзсіз музыкадағы демократиялық ағымды зерттей білуіне мол мүмкіндік болды. Бұған қосымша Абайдың Санкт-Петербургте оқып жүрген баласы Әбдірахман музыкалық аспапты, батыстың музыкалық шығармаларын жаз айларында демалысқа келгенде ала келетін. Абай ауылында солдаттан қашқан татарлардың сол араға сіңіп кеткені қаншама. Олар мандалинмен сатар – орыс әндерін орындаған. Міне Абайдың әндерінде орыстың, украинның халық әндеріне еліктеу, ән романстарының лирикалық үлгісін алу, сол дәстүрдің ізінде болу – Абайдың музыкаға келу жолының бір тарауы болды.

Абайдың тағы бір ерекшелігі – оның музыкалық ортасы болды. Абайдың асқан музыкалық қабілеті мен қазақтың халық музыкасын терең білетіні орындаушылықтың небір түрінен хабары барлығы –

оның айналасында Мұқа сияқты скрипкашы, өзінің баласы Әбдірахман, Ақылбай, әнші Әлмағамбет және әйелі Әйгерімнің де үлестері зор болған. Олардың қолында домбыра ғана емес скрипка, мондалин, сырнай да болған. Олар Абай шығарған әндердің тыңдаушысы ғана емес сонымен қатар ол әндерді бабына келтіріп орындаушылар. Абай музыкасындағы әрбір жаңалықты айналаға жеткізуге даяр тұратын кісілер болған.

Абай әндерінің өлеңін заман алдын орағытқан «қырағы тілі» ғасырлар бойы он бір, жеті, сегіз буын өлшеуші, соған тәрбиеленіп қалған адамдарға түсінікті бола алмады.

Абайдың «Адам аз мұны біліп ән саларлық, тыңдаушы да аз ол әннен бахра аларлық» дегені осы жәйге байланысты. Осы бір екі жол өлеңінің өзі Абайдың ән орындауда қатаң және жаңаша талап қоятынын көрсетеді, өйткені поэзия тілі жетпеген жерін музыканың сиқырлы үнімен жалғастыруын болашақ ұрпақ түсінер деп болашаққа сенім көзімен қараған. Абайдың ол сенімі ақталды. Өзінің көзі тірісінде-ақ әндері көпшіліктің аузына түспей орындала бастады. Бұл да болса Абай музыкасының баспалдағы іспеттес еді.

Абай әндері біздің заманымызда ғана жүйелі түрде жиналып, қағазға басылып отыр. Б.Ерзакович, Л.Хамиди Абайдың көптеген өлеңдерін нотаға түсірді. 1939 жылы Қазақстан зерттеу қоғамы Абай әндерін сақтап қалу, дамыту мақсатында Абай ұрпағының бірі Мұхаметжанов Мәкенді арнайы Алматыға шақырып, Абайдың он алты әнін нотаға түсірді. Абайдың «Сегіз аяқ», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасы», «Айттым сәлем Қаламқас», тағы басқа да әндері бүгінде қазақ елінің көгінде шырқалып келеді.

Абайдың музыкалық мұрасы тек ән шығарумен шектеліп қалған емес. Ол ән, күй, музыка жайлы терең философиялық пікірлер айтып кетті. Ол өмір шымдылығының музыкамен ашылып, музыкамен жабылуын керемет суреттеп, музыкасыз ешбір кезең жоғын айтып кетті.

Ұлы Абайдың музыкалық мұрасы бүгінгі күнде егеменді еліміздің биік әрі ашық аспанында қалықтап,



желдей еседі. Абай мұрасы – болашаққа үлгі өнеге болумен қатар тарихтан да сыр шертетін естелік жәдігер. Ендеше сол жәдігерімізді көздің қарашығындай сақтай білейік!

Гулзира БЕЙСЕМБАЕВА,

А.Жұбанов атындағы Республикалық қазақ музыка-мектеп интернатының флейта аспабының мұғалімі. Алматы қаласы.



Қазіргі кезде елімізде мүмкіндігі шектеулі ересек жандарды қоспағанның өзінде 150 мыңнан аса мүгедек бала өмір сүруде. Бұл әрине қынжылтарлық жағдай. Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларға арналып түрлі жағдайлар қарастырылған, мектептерде, ауруханаларда, кітапханаларда жүріп тұруларын қамтамасыз ету мақсатында барлық жағдаймен қамтылған.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА МЕЙІРІММЕН ҚАРАЙЫҚ

Алматы облысы, Панфилов ауданы, Сарытөбе ауылдық кітапханасында мүмкіндігі шектеулі балалардың назарына жаңа кітаптар топтамасын, өнерлерін арттыру мақсатында түрлі іс-шара түрлері ұйымдастырылады. Сонымен қатар ата-аналарының назарына психологиялық, педагогикалық көңіл жадырататын әдеби кітаптарды ұсынады әрі ата-аналармен тәрбиелік мәні бар дүниелерді қозғайтын кездесу кеші, әдеби кештер, байқаулар өткізіледі. Мүмкіндігі шектеулі балалардың қолдарынан жасалған заттарына арнап көрмелер, шығармашылығын шындайтын әдеби кештер ұйымдастырылуда.

Қоғамымызда мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік тараптан көптеген көмек көрсетілуде. Бұған дәлел ретінде мына заңдар топтамасын айта кетуге болады. «Қазақстан Республикасының мүгедектерді әлеуметтік қолдау туралы» және «Мүмкіндігі шектеулі балаларға әлеуметтік және медициналық-педагогикалық көмек көрсету туралы» ҚР Заңдарына

сәйкес мүмкіндігі шектеулі жандарға деген мемлекет тарапынан көрсетілетін көмек етек жинап, ел болғалы толастамаған емес. Дегенмен бұл әрине мұндай жағдайда аздық етеді, әлі де болса ойланарлық жағдай. Десек те, даму мүмкіндігі шектеулі, жарымжан жандар үшін ел тарапынан бөлінетін көмек пен қамқорлық шектелмесе екен деп тілейміз. Қазіргі таңда әлеуметтік желілерден, телебағдарламалардан көмек қолы қажет балалардың жағдайымен таныс болған жүрекері мейірімге толған жандар қолдарынан келгенше көмек беріп жатады. Адамдардың бойында адамгершілік асыл қасиеттердің табылуы қазіргі қоғамдағы қуантарлық жаңалық. Әр бала біздің болашағымыз, біз әрбіріне ерекше ықыласпен қарап, мейірім шуағына бөлегеніміз абзал. Сондықтан да біздің қоғамда мүмкіндігі шектеулі балалардың алар орны әрқашан ерек.

Нүргүл ЕСҚОЖАЕВА,
Сарытөбе ауылы.

ЕЛ ЕРТЕҢІ – «ЖАС ҚЫРАН» МЕН «ЖАС ҰЛАН»



Бүгінгі замандағы жас ұрпаққа сапалы білім мен саналы тәрбие беруде елімізде көптеген іс-шаралар атқарылуда. Өркениет жетістіктері дамыған сайын технология қарыштап, бәсекелестік артқан тұста еліміздің озық мемлекеттер қатарына қосылуына сүбелі үлес қосатын да жастар екенін мемлекет басшысы өзінің сөйлеген сөздерінде әрдайым айтып келеді. Сондықтан да жастардың тәлім-тәрбиесіне мұқият көңіл бөлініп, жас ұрпақтың алдында тұрған міндет-мақсаттар жалпыұлттық идея төңірегінде көрініс табуы да заңды.

Балалар мен жасөспірімдерге тәлім-тәрбие беруге баса көңіл бөлетін ұйымға «Жас Ұлан» атауы беріліп, ұйымның негізгі мақсаты ретінде – ұлттық құндылықтарға сай, рухани-адамгершілік қасиеттері мол, білімі мен білігі мықты тұлғаны қалыптастыру, балалар мен жасөспірімдерді қазақстандық патриотизм бағытында тәрбиелеу мәселелері анықталды. Бүгінде аталған ұйым уақыт өткен сайын ширай түсіп, дамып келе жатқанына көз жеткізе түсудеміз. «Жас Қыран» деп аталатын төменгі буынға 2-4 сынып оқушылары қабылдана, ал жоғарғы сапына 5–10 сыныптағы оқушылар алынууда.

Алмалы ауылындағы «Елтіңді батыр атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2 сыныптар

арасында 30 оқушы «Жас Қыран», 5 сыныптар арасында 30 оқушы «Жас Ұлан» қатарына қабылданды. Елімізде болып жатқан жағдайға байланысты іс-шар қашықтықтан өткізілді. Ата-аналар балаларына деген жүрекжарды тілектерін арнады. «Жас Қыран» мен «Жас Ұлан» қатарына қабылданып, ел сеніміне ие болғандары үшін кеуделерін мақтаныш сезімі кернеді. «Жас Қыран» мен «Жас Ұлан» мүшелері туған жерді, Отанды сүйеге, ата-анасын қадірлеуге, білімді болуға, табиғатты аялауға, салауаттылықты ұстануға, үлкенді құрмет тұтып, кішіге ізет көрсетуге және осы ережені өз достарынан да талап етуге ант етті.

Жас қырандарымыз, жас ұландарымыздың қанаты қайырылмасын, талмасын. Ертең әлемдік саясат аренасында Қазақстанның күшін, мүмкіндігін танытып, ел абыройын биіктетіп қана қоймай, әл-ауқаты мен әлеуетін, тұрмысын жақсартуға, экономиканы еселеп дамытуға күш салатындар да осы – «Жас Ұлан» мен «Жас Қыранның» өрендері болмақ! Егемендігіміз бен елдігімізді ерекше ту еткен жас өркендеріміздің алар асуы, шығар шыңы биік болғай!

А.БАЛҒАБЕКОВА,
Алмалы ауылы.

«Хандар мен билер өмір сүрген заман бізге не береді?»

Өзге елдердің, әсіресе, мына солтүстіктегі көршіміздің тарихын білмеуді ұят санайтын біздің «оқымыстылар» өз тарихымыздан хабарсыздығына еш қысынбайды да, қысылмайды. Қысылу былай тұрсын, «хандар мен билер өмір сүрген заман бізге не береді? Ол кезеңді балаларға оқытудың қажеті қанша?» деп мұрын шүйіреді. Әлгіндей сөзге бетін жанады, бірақ, дәл осылай ойлап, осылай айтатындар айналамызда толып жүр. Оларға не дейсің? Алайда, ата бабаларымыздың жылқыны қолға үйретіп, әлемдік жаһандану көшін бастап бергенін, түркілердің темір игергенін, аң мен құстың суретін қолданыстағы заттардың бетіне салып бедерлегенін, Алтын адамның қазақ даласынан табылғанын, қалалар салғанын, ол қалалардың оқу мен білімнің ордасы болғанын, Ұлы даламызды Ұлы Жібек жолы басып өткенін, қазақ даласы алма мен гүлдердің ежелгі Отаны екенін таратып айтқың келеді. Тіпті осы жайында экс-перзидент,

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақала жазғанын, ол мақала мемлекеттік бағадарлама ретінде қабылданып, мақалада сөз болған мәселелер қолға алынып, насихатталып жатқанын көлденең тартасың. Әйтсе де, ұққысы келмейтін пенде ұқпайды екен ғой. Жә, оларға бола тарынудың керегі шамалы. Ұлы тарихымыздың әлі талай беті ашылады, ғасырлар қойнауында жатқан тың деректер табылып, жария болады. Соған жету үшін кәсіби тарихшыларымыз тынбай ізденіп, үлкен еңбек етуі керек шығар. Содан кейінгі бір мәселе: ол – тарихымыздан тамыр тартатын көркем фильмдер түсіру, тарихымызды әлем тілдеріне аудару, үзбей насихаттау.

Ақылым тасып, білгішсініп отырған ештеңем жоқ. Ойға келді, жаздым. Пікір қосып, тақырыпты тереңдете түсем десеңіз, мархабат.

Дәурен ҚҰАТ,
Facebook-тегі парақшасынан

ҰЛАНЫМЫЗ ҰЛЫ ЕЛДІҢ

Алтыұй ауылындағы «Әбілхан Қастеев атындағы орта мектеп мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде Тәуелсіздік мерекесіне орай бүгінгі жас азаматтарды еліміздің нағыз патриоттары, өзгерістерден қаймықпайтын, еңбекқұмар, білімге құштар, өзін-өзі жетілдіруге ұмтылатын, өршіл, қайсар етіп тәрбиелеуді, дәстүрімізді, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарымызды қастерлейтін рухани дүниесі кең тұлғаны қалыптастыруды көздейтін бірыңғай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымы» Республикалық Қоғамдық Бірлестігінің қатарына қабылдау салтанаты «Ұлы елдің ұланымыз» тақырыбында қашықтықтан өткізілді. Қабылдау рәсімі «ZOOM» платформасы арқылы өтілді.

Н.Ә.Назарбаевтың ұсынысымен 2011жылы 6-шы шілдеде «Елорда күніне» орай «Бірыңғай «Жас Ұлан» ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі құрылды.


«Жас Ұлан» ұйымының негізгі мақсаты-оқушылардың қоғамдық, әлеуметтік, танымдық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады. «Жас Ұлан» туы, «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» логотипі мен галстугы жайлы мәлімет берілді. Оқушыларға төсбелгілері мен галстукты ата-аналары тағып берді. Ұландар қуанышты сезіммен және мақтанышпен ант қабылдап, «Жас Ұлан» әнұраны орындалды.

Директордың тәрбие ісі-жөніндегі орынбасары Әділбай Дінмұхамет Мұхаметәліұлы «Біз сіздерге еліміздің тұғырлы ұрпағы, адал патриоты болады деген үміт арта отырып, мақтан ететін



Салтанатты жиында Әнұран шырқалып, мектеп директоры Сатибаев Айбек Қожабекұлы «Жас Ұлан» ұйымына қабылданушы оқушыларды айтулы мерекелерімен құттықтады. Ұйымға мектептегі оқуда озап, алғыр және облыстық, аудандық байқау жеңімпаздары қабылданды. «Жас Ұлан» ұйымының қатарына қабылдау рәсімінде алдымен ұйымның мақсаты, міндеті, ережелері таныстырылды.

Қазақстан Республикасының 20-жылдық мерейтойы қарсаңында Елбасы



егеменді еліміздің еңселі азаматтары болуға тілектеспіз!», – деп ұландарды құттықтады.

«Тәуелсіз еліміздің болашағы Туған ел мен Отанын мақтан тұтар. Салауатты өмір салтын ұстанар, Біз – патриот жас ұландар!» ұранына сай шәкіртеріміз көп болсын.

Мадина БЕЙСЕМБАЕВА,
Алтыұй ауылы.

О Т А Н

«...Үрімжідегі бұрынғы ұйғыр жаттықтырушым, қадірлі ұстазым, марқұм Әбілқасым аға бізді Алматыға жарысқа алып келді. Көшеде келе жатқанымызда маған қарап: «Егер менде осындай тәуелсіз ел болса ғой шіркін! Бүкіл атақтанқты, абыройды қайырып қойып, осы көшенің тазалықшысы болып, әрбір тасын етпеттеп жатып сүртіп шығатын едім, бүкіл өмірімді тәуелсіз Отанымның бір көшесін болса да тазалап қана өткізуге риза болар едім», - деп еді. Міне Отанды аңсау, оны бағалау!».

Қанат ИСЛАМ,
Қазақстанның кәсіпқой боксшысы,
спорт шебері, Бейжің олимпиадасының
қола жүлдегері. Қытай мемлекетінің
10 дүркін чемпионы атанған.


Отан деген – ұлы сезім, тек адамда болатын, Намысы өр азаматтың жүрегіне қонатын. Ғасырлардың шежіресін қарар болсаң ақтарып, Ұлы айқастың барлығы да Отан үшін болатын.

Отан деген сөздің құнын от кешкендер біледі, Отан үшін кеуделерін оқ тескендер біледі. Бейбіт күнде, бай көрінсем деп жүргендер басқадан, Шетел асып, тапса нәсіп, Отан десең күледі...

Отан деген – Ана тілің, Отан деген – отбасың, Қасиетін білсең оның, ки еркінмен «ноқтасын!» Өз еліңнің ұлтаны бол, жатқа сұлтан болғанша, Отаны жоқ міскіндіктен Алла сені сақтасын!

Отан деген сөздің құнын Отансыздан сұрап біл, Бөтен елге бөзек болып, олар неге жылап жүр? Бай болса да, нар болса да, жасын неге бұлайды? Ақылмен ой жіберіп, сөздеріне құлақ түр!

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ



«ЖАРКЕНТ АЙНАСЫ» ГАЗЕТІ
Меншік иесі: «БАҚ» ЖК
Директор – **Дархан БЕЙСЕНБЕК**
Бас редактор – **Молот СОЛТАНАЕВ**
Бас редактордың орынбасары –
Қали ИБРАЙЫМЖАНОВ
Дизайнер – **Әділет МҰСАХАЕВ**

Газеттің эл.почтасы:
jar-aina@mail.ru

➤ Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 13.09.2018 ж. тіркеліп, №17270-Г куәлігі берілген.
➤ Газет «Жаркент айнасы» компьютер орталығында теріліп, беттелді.
➤ Газет индексі - 65161
Автордың материалдары редакцияның көзқарасын білдірмейді.
➤ Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.
➤ Газет Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр кентіндегі «Принт плюс» баспаханасында басылды. Офсеттік басылым.
➤ Нөмірдің таралымы: 1000 дана

Мекен-жайымыз:
Алматы облысы,
Жаркент қаласы,
Е.Сыпатаев көшесі,
242 үй, 14 пәтер
Тел.: 8/705/412-78-48;
8/705/277-16-91;
8/777/971-57-67
Газет екі аптада бір жарыққа шығады.
Тапсырыс: №1545

